

ПО ОЦЕНКАМ ЭКСПЕРТОВ, ОБЪЕМ КОНТЕЙНЕРНЫХ ПЕРЕВОЗОК В МИРЕ В ЭТОМ ГОДУ ДОСТИГНЕТ ПОРЯДКА 200 МИЛЛИОНОВ ДФЭ, ИЗ КОТОРЫХ ОКОЛО 70% СВЯЗАНО С НАШИМ КОНТИНЕНТОМ. ИЗ НИХ ОКОЛО 25 МИЛЛИОНОВ КОНТЕЙНЕРОВ ПРИХОДИТСЯ НА НАПРАВЛЕНИЕ ЮГО-ВОСТОЧНАЯ АЗИЯ – ЕВРОПА И ОБРАТНО. Я ПРЕДЛАГАЮ ПОСТАВИТЬ АМБИЦИОЗНУЮ, НО ДОСТИЖИМУЮ ЦЕЛЬ – ПРИВЛЕЧЬ ХОТЯ БЫ 10% ЭТОГО ОБЪЕМА И РЕАЛИЗОВАТЬ ЭТУ ЗАДАЧУ МОЖНО ТОЛЬКО СОВМЕСТНЫМИ УСИЛИЯМИ.

Алексей ГРОМ,
генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА»



№24 (3171)
31/03/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ШОС: ВСТРЕЧА ГЛАВ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ В БИШКЕКЕ

В Бишкеке (Кыргызстан) состоялось пленарное заседание 6-й встречи руководителей железнодорожных администраций государств – членов Шанхайской организации сотрудничества (ШОС), в котором принял участие заместитель председателя правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Марат Шакенов.

В ходе выступления спикер подчеркнул, что формат ШОС стал уникальной платформой для анализа совместной работы и стратегического планирования по укреплению транспортных связей на евразийском пространстве. Развитие железнодорожных перевозок остается ключевым приоритетом транспортной политики Казахстана, нацеленной на максимальное раскрытие транзитного потенциала республики. Марат Шакенов представил участникам данные о рекордных операционных показателях компании: по итогам 2025 года достигнут исторический максимум грузоперевозок – 320 миллионов тонн, что на 5,5% выше уровня предыдущего года. При этом международный грузопоток составил 143 миллиона тонн, из которых более 80% (115,3 миллиона тонн) пришлось именно на страны ШОС, показав рост на 6%.

Особое внимание в ходе обсуждения было уделено масштабной модернизации инфраструктуры, которая превращает Казахстан в безальтернативный мост между Востоком и Западом. Реализация крупных проектов, таких как строительство новых вторых путей на участке Достык – Мойынты и возведение трансграничных логистических хабов, позволяет КТЖ не просто бить количественные рекорды, но и качественно менять скорость доставки грузов. Сегодня



железные дороги Казахстана становятся фундаментом для формирования новых производственных цепочек, обеспечивая бесперебойный транзит в условиях глобальной турбулентности и перенаправления мировых торговых потоков.

Положительная динамика сохраняется и в текущем году: за первые два месяца объем перевозок уже составил 19,8 миллиона тонн, что на 10% превышает показатели аналогичного периода прошлого года. По словам представителя КТЖ, такие результаты стали итогом слаженной работы с партнерами из Китая,

России, Беларуси, Узбекистана, Таджикистана и Кыргызстана как в двустороннем, так и в многостороннем форматах.

Итогом пленарного заседания стала торжественная церемония подписания протокола, закрепившего намерения сторон по дальнейшей интеграции логистических систем и развитию международных транспортных коридоров.

Фактически достигнутые соглашения выводят сотрудничество в рамках ШОС на уровень глубокой технологической интеграции, где цифровизация перевозок и гармо-

низация тарифов создают единый «бесшовный» транспортный коридор. Казахстан, инвестируя в расширение пропускной способности своих магистралей, подтверждает статус ключевого логистического оператора Евразии. Такое стратегическое партнерство не только укрепляет экономическую устойчивость региона, но и задает новые стандарты эффективности для всей системы глобальных транспортных маршрутов, превращая транзитный потенциал в реальный инструмент геополитического влияния.

Асель ШАЙХЫНОВА

СПУТНИКТИК ИНТЕРНЕТ ДАМУДА



Қазіргі таңда Қазақстанда жолаушылар пойыздарына жоғары жылдамдықты интернетті енгізу жұмыстары жалғасуда. Бұл жоба спутниктік технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылып жатыр.

Бастама еліміздегі «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» мен «Digital Наурыз» іс-шараларының аясында дамып келеді. Бұл қызмет алғаш рет 2025 жылдың қаңтарында Астана – Алматы бағытында пилоттық жоба ретінде іске қосылып, жолаушылар тарапынан үлкен сұранысқа ие болды. Кейіннен сервисің ауқымы кеңейтіліп, Астана – Өскемен бағыты да қамтылды. Қазіргі уақытта спутниктік интернет аталған екі негізгі бағытта қатынайтын Talgo пойыздарында қолжетімді. Технологиялық тұрғыдан бұл жүйе «Jusan Mobile» операторының қатысуымен және «OneWeb» төмен орбиталық спутниктік жүйелерінің көмегімен жұмыс істейді.

Спутниктік байланыстың басты ерекшелігі – оның сигнал сапасы теміржол бойындағы жерүсті мұнараларына тәуелді емес. Төмен орбиталық спутниктер пойыз жоғары жылдамдықпен қозғалған кездің өзінде сигналдың кідіріссіз және тұрақты болуын қамтамасыз етеді. Нәтижесінде жолаушылар жол бойы 100 Мбит/с дейінгі жылдамдықтағы интернетті пайдалана алады. Бұл жылдамдық мессенджерлерді қолдануға, видеолар көруге және басқа да цифрлық қызметтерді еш кедергісіз тұтынуға мүмкіндік береді.

Жобаны іске асыру халықаралық технологиялық компаниялар мен отандық байланыс операторларының серіктестігі арқасында мүмкін болды. Пойыздарға орнатылған арнайы жабдықтар қозғалыс жағдайында жұмыс істеуге толық бейімделген және вагондардағы қолданыстағы мультимедиялық жүйелермен интеграцияланған.

Ұлан ОРАЗ

Технологии

ИИ В ПОМОЩЬ ТРАНЗИТУ

В Шымкенте в рамках председательства Казахстана в органах ЕАЭС состоялось заседание Евразийского межправительственного совета, где особое внимание уделено цифровизации логистики и внедрению технологий искусственного интеллекта в перевозочный процесс.

Ключевым направлением обсуждения стало повышение эффективности перевозок и раскрытие транзитных возможностей ЕАЭС. Премьер-министр Республики Казахстан Олжас Бектенов подчеркнул, что географическое положение государств – членов союза обеспечивает значительные преимущества для транзита и логистики. Однако для полной реализации этого потенциала необходимы модернизация инфраструк-

туры и внедрение современных систем управления перевозками.

В продолжение данной повестки предложено создание интегрированной платформы координации грузопотоков на базе технологий искусственного интеллекта, что позволит повысить эффективность перевозочного процесса, сократить сроки доставки и снизить издержки бизнеса.

Особое внимание уделено цифровизации сопутствующих процессов. В

частности, обсуждался перевод процедур подтверждения прохождения ветеринарного и фитосанитарного контроля в полностью электронный формат. Это позволит обеспечить прозрачность взаимной торговли, ускорить прохождение грузов и минимизировать административные барьеры.

Также отмечена необходимость развития информационного взаимодействия между государствами-членами и третьими странами, что станет важным шагом для интеграции международных логистических цепочек и расширения экспортно-транзитного потенциала региона.

Подчеркнуто, что реализация данных инициатив будет способствовать укреплению позиций ЕАЭС на глобальном транспортном рынке и формированию современных, конкурентоспособных логистических коридоров.

Айлин БАУРЖАН

«ЦИФРЛЫҚ ВАГОН» ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Астана шаһары мен ел шығысы – жолаушылардың, соның ішінде туристердің теміржол арқылы ең жиі сапар шегетін бағыттарының бірі. Осы орайда жолаушылар игілігі үшін биылғы наурыз айында бұрын-сонды болмаған бірқатар елеулі іс-шаралар орын алғанын айтар едік.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Мәселен, наурыз айының орта шенінен бастап «Нұрлы жол-Семей» бағытында жаңартылған RWS Wagon компаниясының заманауи жайлы вагондары қолданысқа енгізілген болатын. Осылайша, барлығы 9 вагоннан тұратын пойыз толық жаңартылды. Осынау жағымды жаңалық жалғасты болып, жуырда тағы бір ерекше жайт орын алды. Атап айтсақ, «Транстелеком» АҚ ұсынған Starlink спутниктік ғаламтор желісі ендігі аралықта №122/121 «Астана-Семей» жолаушылар пойызында қолжетімді болып отыр. Өткен наурыз мерекесі күндері аталған пойызда заманауи «Цифрлық вагон» пилоттық жобасы ресми түрде іске қосылды.

Айта кетерлігі, бұл жоба әзірге тек екі вагонда ғана жүзеге асырылуда. Бұл ретте вагондардағы Wi-Fi желісі және әр орын-



ның жанында орналасқан USB-розеткалар жолаушыларға үнемі сыртқы әлеммен байланыста болып, оқуға немесе жұмыс істеуге мүмкіндік беруде. Демек, сапар барысында кез келген жолаушы интернетті еркін пайдаланып, фильмдер мен сериалдар көре алады, кітап оқып, ойын ойнап, түрлі пайдалы ақпараттарға қол жеткізе алады. Ғаламтор қызметі тегін әрі қолжетімді.

Суретті түсірген автор



Ербол ТОҚТАҒАЗЫ,
«КТЖ» ҰК» АҚ Мемлекеттік тілді дамыту секторының бастығы:

ҚТЖ-ДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ БІРНеше бағытта іске асырылады. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің қолдану аясын ұлғайту үшін іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу, мәдени-көпшілік, бұқаралық-спорттық іс-шараларды қазақша өткізу, көрнекі ақпараттарды мемлекеттік тілде жазуға, тілді насихаттауға аса мән беріледі. Күнделікті теміржол қызметінде аса қажетті кітаптарды шығаруға еңбектеніп жатырмыз. Оларды қызметкерлер күн сайын жұмыс барысында қолданады.

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ЗА ПЕРВЫЕ ДВА МЕСЯЦА 2026 ГОДА ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И УЗБЕКИСТАНОМ УЖЕ СОСТАВИЛ

6,6 млн тонн.

ПАРК КАРАГАНДИНСКОГО ЭКСПЛУАТАЦИОННОГО ЛОКОМОТИВНОГО ДЕПО ПОПОЛНИЛСЯ

6 ТЕПЛОВОЗАМИ СЕРИИ СКД65.

ЗА ПОСЛЕДНИЕ ДВА ГОДА АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ» ЗАКУПИЛО

219 ВАГОНОВ RWS WAGON (ЗИКСТО).

АСТАНАДАН ТАЛДЫҚОРҒАНҒА...

Нұрбек БЕКЕН,
Астана



Биылғы жылғы 9 сәуірден бастап халықтың сұранысына орай жаңа бағдар іске қосылғалы жатыр. Ол «Астана – Ақтоғай – Талдықорған» бағыты бойынша тікелей жолаушылар қатынасы.

Көлік министрлігінің хабарлауынша, бұл бағытқа бастапқыда екі жолаушылар вагоны бөлінеді, ол №122/121 «Нұрлы жол-Семей» пойызының құрамында күнара қатынайтын болады. Ал бұл вагондар Ақтоғай станциясында №631/632 «Ақтоғай-Талдықорған» пойызының вагондарына тіркелмек. Жаңа пойыз бағдары алдағы сәуір айында қайта жаңартылған Талдықорған теміржол вокзалының ашылуымен тұспа-тұс іске қосылатын болады.

Тасымалды іске асырушы «Арай-Транс Кз» ЖШС жекеменшік тасымалдаушы компанияның мәлімдеуінше, егер сұраныс күшейіп жатса, вагондар саны мен қызмет көрсету жиілігі кезең-кезеңімен артуы мүмкін.

СҰРАНЫСҚА САЙ СЕРВИС

Ұлан ОРАЗ,
Астана



«Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушыларға көрсетілетін қызметтің сапасы мен қолайлылығын арттыруға бағытталған цифрлық және сервистік шешімдерді жүйелі түрде дамытып келеді.

Бүгінде Ұлттық тасымалдаушы жолаушылар күнделікті пайдаланатын сұранысқа ие алты сервисті ұсынады. Біріншісі, пойыздар қозғалысының онлайн-таблосы – <https://tablo-railways.kz/tu>. Онлайн-табло арқылы жолаушылар пойыздардың қозғалысын нақты уақыт режимінде бақылап отыра алады. Мұнда пойыздың кестесі, орналасқан жері, келу және жүру уақыты, сондай-ақ мүмкін болатын кешуілер туралы ақпарат қолжетімді. Бұл сервис жолаушыларға сапарын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді.

Екіншісі, билет сатып алу сайты – <https://bilet.railways.kz>. Теміржол билеттерін онлайн сатып алуға арналған компанияның ресми сайты. Қызмет тәулік бойы, комиссиясыз жұмыс істейді. Жолаушылар бағытты, қызмет көрсету класын тандап, билетті ыңғайлы тәсілмен төлеп, электронды жол жүру құжатын ала алады. Сайтты пайдалану кассаға бару қажеттілігін жойып, уақытты үнемдейді.

Үшіншісі, <https://temirzholy.kz> – «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның ресми сайты. Temirzholy.kz ресми сайтында жолаушыларға қажетті барлық негізгі ақпарат бір жерге жинақталған. Мұнда теміржол тасымалы, сервистер, тарифтер мен сапар ережелері туралы өзекті мәліметтерді жедел алуға, сондай-ақ «Жолаушылар тасымалы» АҚ қызметімен толығырақ танысуға болады.

Төртіншісі, Бірыңғай байланыс орталығы – 1433. Бірыңғай тегін байланыс орталығы жолаушыларға теміржол тасымалына қатысты барлық сұрақтар бойынша кеңес береді. Орталық мамандары пойыз кестесін нақтылау, багажды тасымалдау ережелері, билеттерді қайтару тәртібі және өзге де қызмет көрсету мәселелері бойынша жедел жауап ұсынады.

Бесіншісі, шағымдар мен ұсыныстарға арналған WhatsApp – +7 776 714 56 86. Қызмет сапасын арттыру және жолаушылармен тікелей кері байланыс орнату мақсатында WhatsApp-чаты жұмыс істейді. Жолаушылар өз шағымын, ұсынысын немесе пікірін жолдай алады. Сонымен қатар пойыздарда QR-кодтар орналастырылған, оларды сканерлеу арқылы жолаушылар WhatsApp-чатқа тікелей өтіп, хабарлама қалдыра алады.

Алтыншысы, Dapmen – жол жағдайы мен ауа райын бақылау жүйесі. Dapmen қосымшасы жол жағдайы мен метеорологиялық ахуалды бақылауға көмектеседі. Сервис сапарды жоспарлау кезінде ауа райы факторлары мен жол жағдайын ескеруге мүмкіндік беріп, сапардың қауіпсіздігі мен жайлылығын арттырады.

БҰЗУШЫЛЫҚ САНЫ АЗАЙҒАН

Ислам ТАЛҒАТ
Астана



«ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша өткен жылы тасымалдау үдерісіне қатысушылар арасында қозғалыс қауіпсіздігі ережесін бұзушылық жалпы 10% төмендегені белгілі болды.

Айталық, ҚТЖ-да бұзушылықтар саны 8%-ға төмендеп, қауіпсіздік көрсеткіші 17%-ға жақсарған. Бұл нәтижелерге қол жеткізу үшін аудиторлық аппарат 2025 жылы 9 мыңнан астам тексеру жүргізіп, 98 мың заң бұзушылықты анықтаған және 10 мыңнан астам тыйым салу шараларын қабылдаған. Қатаң қадағалауды қамтамасыз ету жұмыстары 2026 жылдың қаңтарында да жалғасып, 800-ден астам тексеру жүргізілген.

Көрсеткіштерді жүйелі жақсартуға «Жол қозғалысының жедел қауіпсіздігі мәдениетін» қалыптастыру жөніндегі Жол картасын, 2025 жылға арналған жүйелік шаралар кешенін және 2025-2027 жылдарға арналған жүктің сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық жол картасының іске асырылуы септігін тигізген. Қозғалыс қауіпсіздігі мамандары, қызметкерлерді ынталандыру стратегияның негізгі элементі болып қала беретінін айтады. Мәселен, былтыр жыл соңында компанияның 615 қызметкері бұзушылықтардың алдын алуға және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосқан жеке үлестері үшін ынталандыру сыйлықтарымен марапатталыпты. Айта кетейік, компания пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, инфрақұрылым нысандары мен жылжымалы құрамға күрделі және ағымдық жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша тұрақты жұмыс жүргізіп отыр.

КАСПИЙ ТЕҢІЗІ: ҮМІТ ПЕН КҮДІК

Қазақстанның бірден бір теңіз сауда жолы саналатын Каспий теңізі арқылы жүк тасымалы жылдан жылға өсіп жатқаны әрине жақсы нәтиже. Дегенмен, соңғы жылдары тасымал көлемін арттыруға кедергі болып отырған бірқатар проблемалар да жоқ емес. Соның бірі – теңіз тартылып, су деңгейінің төмендеуі.



Ұлан ОРАЗ,
Астана

Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары 20 жылда Каспий теңізі 2,3 метрге төмендегенін көрсетеді. Бұл әрине теңіз сауда қатынасына да әсерін тигізбей қоймайды. Ауыр салмақты кемелердің түбі құмға тиіп, отырып қалу қаупі бар. Сондықтан Ақтау портынан шыққан кемелердің жүктемелері тек 50 пайыз толтырылған жағдайлар аз емес көрінеді. Себебі кемелің салмағы артып, теңіз деңгейі төмендеген сайын үлкен габаритті кемелердің өтуіне тосқауыл болады. Жуырда «Қазақстан» телеарнасында теңіз айлағының осы және басқа да мәселелерін сөз еткен арнайы хабар көрсетілді.

Ақтау порты – елдегі ең ірі теңіз сауда айлағы. Тоғыз жолдың торабында орналасқан стратегиялық нысан халықаралық көлік-логистика жүйесінде айрықша маңызға ие. Порт Азия мен Еуропаның арасын жалғайды. Транскаспий көлік бағытының негізгі тізбегінің бірі. Транскаспий дәлізі арқылы Қытайдан шыққан тауар теміржол арқылы Қазақстанға жетеді. Одан әрі Әзербайжан, Грузия, Түркия асып, жүк Еуропаға 15-18 күнде жетеді. Соңғы 10 жылда көрсеткішті сараласақ, тауар тасымалы 7 есе өскен. Мәселен, тек осы дәліз арқылы 2017-2025 жылдары 15,2 млн тонна тауар тасымалданған.

Оның 9,3 млн-ы соңғы екі жылға тиесілі.

– 2025 жылдың қорытындысы бойынша ТХКБ арқылы 4 миллион тоннадан астам жүк тасымалданды. Қазақстан экспорты жалпы көлемнің негізгі бөлігін құрайды. 2025 жылы 2,8 миллион тонна жүк экспортталды. Бұл шамамен 68 пайыз. Порт арқылы отандық тауарлар өзге де бағыттарға экспортталды, – дейді «KTZ Express» АҚ компаниясының Логистика департаментінің директоры Дина Бейсебай.

«Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» АҚ коммерциялық жұмыс бөлімінің бастығы Әнуар Немышевтің айтуынша, порт жылына 12 млн тонна жүк тасымалдауға қауқарлы. 2024 жылы жеткізілген жүк көлемі 5 млн тонна, 2023 жылы 4,5 млн тонна болды. Жүктің негізгі бөлігі – мұнай және мұнай өнімдері. Олар Қазақстан аумағынан Ресейдің Махачкала портына және Әзербайжанның Сангачал портына экспортталады. Астық өнімдері Иранның солтүстік порттарына жөнелтіледі. Металл өнімдері Транскаспий дәлізі арқылы Баку портына жеткізіледі.

Ақтау және Құрық порттары Транскаспий дәлізінің негізгі бөлігі болып саналады. Былтыр бұл аумақтан 2 млн тонна жүк жөнелтілген. Экономистердің есебінше, Орта дәлізден Қазақстан жылына 400-500 млн-дай табыс тауып отыр. Болашақта оны 600-700 млн-ға жеткізу көзделген. Қазақстан

арқылы тасымалданатын тауарлардың дені – тау-кен, металлургия, дәнді-дақылдар және мұнай өнімдері. Ал транзит арқылы 400-ден астам тауар түрі жөнелтіледі. Басым бөлігі – автомобильдер, қосалқы бөлшектер, электронды құрылғылар және киім мен тоқыма.

ҚР Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитеті төрағасының орынбасары Қасым Тілепов қазір Каспий арқылы бұрынғыдан аз жүк тиеліп жатқанын атап өтті. Теңіз түбін тереңдеткеннен кейін мәселе шешімін тауып, жүк қалыпты режимде тасымалдана бастайтынын жеткізді. Ал мәселені шешудің бір жолы – теңіздің таяз бөлігін қазып тереңдету және көтергіш-өтпелі көпірлерді жөндеу. Құрық портында мұндай жұмыстар аяқталып, бүгінде Ақтау портында осы жұмыстар жүріп жатыр. Былтыр Қазақстан, Әзербайжан, Грузия тарапы Алтынкөл, Ақтау, Баку, Потти, Батуми және Ахалкалаки аумағын зерттеп, порттарды дамыту, теңіз түбін тереңдету мәселесі ортақ жоспар әзірлеген. Алты ай бұрын Каспийді зерттейтін қазақ ғылыми институты құрылып, 50 шақты маман зерттеуге кіріскен. Алайда, су айдынын сақтау үшін бес елдің бірге қимылдағаны маңызды. Тақырып биыл елімізде өтетін экологиялық саммитте де талқыланады деп күтілуде.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ҚАУІПСІЗДІККЕ ТАЛАП КҮШЕЙЕ ТҮСКЕН

Семей магистральдық желі бөлімшесінде қозғалыс қауіпсіздігін сақтау бойынша жазғы маусымдағы атқарылуы тиіс іс-шаралар қатары пысықталуда. Соның ішінде жолды күрделі жөндеуден өткізу мен желі бойына қараусыз малдан қорғайтын қоршаулар салу жұмыстары алғашқы кезекте тұр.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Жасыратыны жоқ, пойыздар қозғалысында қараусыз жайылған малдан келер қауіп азаймай тұр. Қазіргі таңда бөлімшеге қарасты желі бойында жолаушылар пойыздары сағатына 120 км жылдамдықпен жүйіткі алады. Бір қынжылттары, адамдар мен төрт түліктің кесірінен жолаушылар және жүк пойыздарының шұғыл тежелулері азаймай отыр, әсіресе Семей учаскесінде...

Мәселен, өткен жылы бөгде адамдардың қатысуымен апатты тееудің жеті оқиғасы тіркеліпті. Соның ішінде екі адам алған жарақаттары салдарынан қаза болды. Сол тәртізді 48 апатты тежеу салдары желі бойындағы шаруашылықтарға тиесілі қараусыз жайылған малдың пойызға соқтығыуына алып келген. Нәтижесінде тепловоздар зақымданып, пойыздар кестеден кешіккен. Бұл – әрине елеулі шығын.

Жалпы, желі бойындағы шұғыл тежелулердің басты себебі адамдардың төрт түліктің жаю ережелері талаптарын ерекшел бұзу болып отыр.

– Осы орайда Семей магистральдық желі бөлімшесі азаматтардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударуда. Сондықтан жазатайым



оқиғалардың алдын алу және теміржол қоршауларын орнату үшін жыл сайын жоспарлы іс-шараларды қолға алып, үнемі алдын алу шараларын жүргізуде. Желі бойындағы шұғыл тежеудің алдын алу үшін аудандық, қалалық әкімдіктерге, облыстық білім беру департаментіне, полиция департаментіне және ауыл шаруашылығы департаментіне арнайы хаттар жіберілді. Сонымен қатар ағымдағы жылдың алғашқы екі айында станциялар мен желі бойына таяу орналасқан мектептерде жергілікті тұрғындармен 12 мәрте кездесу өткізілді, – дейді бұл орайда НЖС-6 бөлімшесі жол бөлімінің мамандары.

Мұнымен қоса теміржолшылар азаматтарға желі бойынан қауіпсіз өту ережелерін түсіндіру үшін жергілікті полиция

қызметкерлерімен бірлесіп тоғыз рет рейд өткізіпті. Шаруа қожалықтары иелерімен 20 кездесу ұйымдастырылса, 779 шаруаға теміржол маңында мал жаю ережелері туралы ақпарат берілген.

Десек те, Дегелең – Жаңа-Семей, Жаңа-Семей – Шар сынды пойыздар жылдамдығы жоғары қумақолдар бойына қоршау салу ісі бнылдан бастап қарқын алмақ. Осыған дейінгі бес жыл ішінде жалпы көлемі 229 км ұзындықтағы жолға малдың кіруіне жол бермеу үшін қоршаулар салыныпты. Ал биылғы жылға жолдың қос капталын қоса алғанда 37 шақырымдық мал қоршауын салу және 410 км қолданыстағы қоршауды күрделі жөндеу жоспарлануда.

Теміржол өкелдеріндегі апаттардың алдын алу үшін полиция қызметкерлерімен бірлескен патрульдік шаралар да үнемі өткізіліп тұрады. Биылғы жылдың алғашқы екі айында сегіз мәрте рейд жүргізіліп, 626 көлік жүргізуші темір жолдан өту ережелері бойынша ақпараттандырылыпты. Әйтсе де, қынжылттары сол, жергілікті тұрғындар мен шаруашылықтарға жүргізілген түсіндіру жұмыстары күтілген нәтиже бермей отыр. Ал қозғалыс қауіпсіздігіне қойылар талап күшейе түседі.

Суретті түсірген автор

ЖАМБЫЛҒА ЖЕТІ АВТОКӨЛІК КЕЛДІ



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Мамандардың айтуынша, жаңа автокөлік темір жолдағы әскерилендірілген күмет қызметін оңтайландыруға мүмкіндік беретіндей қазіргі заманға сай жабдықталған. Жол талғамайды, кез келген жерден іркілмей өте алады. Филиал директоры Еркін Мүсілімовтің айтуынша, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергеновтің, «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС бас директоры Нұржан Әлкеевтің қолдауымен күзет қызметінің техникалар базасы толықтай жаңартылып жатыр. Тараз филиалында бес жылдан бері автокөліктер паркі түгелдей

дерлік жаңарды деуге болады.

– Барлық филиалдың техникалар базасындағы көліктер сарпалтылып, қай өңірге қанша жаңа көлік қажет екені ескерілгені анық. Бірер жыл бұрын біздің филиалға осындай модельдегі екі көлік бөлініп берілген. Ал бұл жолғы көлік – жаңа заманға, талапқа сай жабдықталған, модификацияланған сұраныстағы түрі. Тоуота Нілх көлігінің басқа елдердің көлігіне қарағанда көп артықшылығы бар. Мысалы жылдамдығы, ұтқырлығы, ледбедкасы, барлық жарақатандырылуы жағынан біздің қызметке ыңғайлы. Шу мен Түрксіб командасына екі-екіден, қалғанын Сарышаған, Тараз және «Шұғыл әрекет ететін» атқыштар коман-



даларына тапсырдық, – дейді «Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС Тараз филиалының директоры Еркін Түгелбайұлы. Техникалық базаны толықтырған су жаңа көлік 2025 жылғы сериясы екен. Еске сала кетсек, «ӘТЖК» ЖШС бойынша барлығы 78 жол талғамайтын Тоуота Нілх автокөлігі сатып алынып, өңірлерге таратылып

отыр. Бұл күзет қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсартуға, қызмет беделін арттыруға және теміржол саласының қауіпсіздігін одан әрі күшейтуге бағытталған. Сонымен қатар күзет қызметінің тиімділігі мен жедел әрекет ету мүмкіндігін едәуір арттыруға ықпал ететін болады.

Суретті түсірген автор

ГРУЗОВ ВСЕ БОЛЬШЕ



ПЕРЕВОЗКИ

На 25% выросли объемы перевозок железнодорожным транспортом по маршруту Китай – Европа за первые два месяца 2026 года.

Любовь РОВБА,
Астана

За этот период только в Алашанькоу было обработано 1 498 грузовых поездов из Китая в Европу Центральной Азии, что на 24,1% больше, чем за аналогичный период прошлого года.

Всего же за январь-февраль по железнодорожному маршруту Китай – Европа от-



правлен 3 501 грузовой поезд. Таким образом, число поездов перевезено 352 000 ДФЭ. доводов выросло на 32%, а объем

перевозок – на 25% по сравнению с предыдущим годом.

Этому способствовал как расширение торговых отношений между странами, так и корректировка расписания с начала 2026 года, что привело график движения грузовых поездов в соответствие с рыночным спросом.

Сеть железнодорожных экспрессов Китай – Европа связывает 128 китайских городов с 229 пунктами назначения в Европе и более чем 100 городами в Азии. По всей сети поезда отправляются в среднем каждые 30 минут или чаще.

Фото автора

УРАВНИТЕЛЬНЫЙ СТЫК В ДЕЛЕ



СЕМИНАР

На станции Аксенгер состоялся практико-ориентированный семинар, посвященный современным технологиям содержания железнодорожного пути. В центре внимания – вопросы повышения надежности бесстыкового пути и внедрение эффективных решений, направленных на обеспечение безопасности движения поездов.

На станции Аксенгер в рамках семинара «Бесстыковой путь и укладка уравнильного стыка» было проведено показательное технологическое «окно».

Основной целью являлась демонстрация технологии укладки уравнильного стыка, а также обеспечение компенсации температурных и эксплуатационных напряжений в бесстыковом пути.

В ходе работ выполнена укладка уравнильного стыка типа Р65, укладка клееболтового изолирующего стыка, сварка рельсов с применением ПРСМ.

Укладка уравнильных стыков обеспечивает компенсацию продольных перемещений рельсовых плетей, возникающих при изменении температуры и воздействии подвижного состава.

Проведенные работы направлены на снижение риска выброса пути, повышение плавности хода поездов, улучшение динамики взаимодействия «путь – подвижной состав».

В семинаре приняли участие начальники дистанций пути департамента пути и сооружений (ЦП), исполнительный директор по эксплуатации Дирекции магистральной сети (ЦЖСИДэ), менеджеры ЦП, а также НЖС Алматы.

Для обеспечения непрерывной связи между наукой и производством в мероприятии приняли участие профессорско-преподавательский состав кафедры «Транспортное строительство» ALT University им. М. Тынышбаева, студенты и магистранты. Работы выполнены силами ПЧ-46.



Современные технологии – залог устойчивой инфраструктуры.

Проведение подобных семинаров позволяет не только на практике отработать передовые методы путевого хозяйства, но и обеспечить обмен опытом между специалистами отрасли, представителями науки и молодыми кадрами. Это способствует дальнейшему развитию железнодорожной инфраструктуры и повышению ее надежности в условиях растущих нагрузок.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ
Фото автора

Безопасность

ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА БЕЗ УГРОЗ

На станции Караганда-Сортировочная в Карагандинском отделении магистральной сети состоялось расширенное совещание по вопросам недопущения экстренных торможений и наездов на скот подвижным составом.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Мероприятие прошло под председательством заместителя директора по эксплуатации филиала АО «НК «КТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети» Марата Нур-



гожаева, а также с участием руководителей служб и дистанций пути региона.

В ходе совещания рассмотрены проблемные вопросы и определены основные причины наездов на скот: бесконтрольный выпас животных вблизи железнодорожных путей, нехватка пастбищных территорий,

отсутствие бирок и регистрационных номеров у скота, что затрудняет установление владельцев домашних животных.

По словам Марата Нургожаева, для снижения количества наездов на скот определены следующие меры: строительство скотоизгородей вдоль железнодорожных путей; проведение профилактической и разъяснительной работы с населением; привлечение владельцев животных к административной ответственности за выпас в полосе отвода железной дороги; формирование списков владельцев скота и фермерских хозяйств вдоль железнодорожных путей; проведение совместных рейдов с линейной полицией и ветеринарными службами.

– В период с 2026 по 2030 год на участках Караганда – Мойынты, Жарык – Жанаарка – Жезказган – Косколь запланировано строительство скотоизгородей подрядным способом общей протяженностью 1 000 километров, – резюмировал он.

Фото автора

от которого зависит не только стабильность производственных процессов, но и жизнь, и здоровье людей, – отмечает главный ревизор региона Мейрамбек Серикбаев.

С этой целью обследуются потенциально опасны участки, где чаще всего происходят наезды, проводятся внезапные проверки.

Как подчеркивает Мейрамбек Серикбаев, без жесткого контроля и системной профилактики невозможно добиться устойчивых результатов. При этом не все руководители предприятий в полной мере осознают степень своей ответственности за безопасность, что недопустимо. Для повышения эффективности необходимо активнее привлекать правоохранительные органы и местные исполнительные структуры.

По словам главного ревизора, предстоящий весенний комиссионный осмотр позволит выявить существующие недочеты на железнодорожных предприятиях. Специалисты оценят состояние путей, техническое оборудование и организацию безопасной работы, чтобы своевременно устранить потенциальные риски и повысить уровень безопасности.

Фото автора

ДИСЦИПЛИНА НА ПУТЯХ

Ревизорский аппарат Алматинского региона усиливает работу по снижению числа инцидентов и производственного травматизма на железнодорожных предприятиях. С начала года ревизорским аппаратом департамента безопасности движения по Алматинскому региону проведено 132 проверки (в том числе шесть ночных), за аналогичный период 2025 года – 172 проверки.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В ходе проверок выявлено 756 нарушений (в 2025 году – 1 086). Приостановлена эксплуатация одного локомотива (против 12), 22 грузовых вагонов (против 28), закрыто 10 станционных путей (против 16), 9 стрелочных переводов (против 13), введено 52 ограничения скорости. В кни-

гу РБУ-8 внесено 30 замечаний (против 32 в 2025 году).

Специалисты проводят целенаправленные проверки, внедряют профилактические меры и усиливают контроль за соблюдением норм безопасности.

За отчетный период зарегистрировано четыре случая наезда на людей. Основными причинами происшествий остаются неосторожность пострадавших и нахож-

дение в состоянии алкогольного опьянения. Вместе с тем все чаще фиксируются случаи, связанные с суицидальным поведением. Так, в начале года на участке Сарыозек – Алматы женщина выбежала на железнодорожное полотно в непосредственной близости от приближающегося поезда. К сожалению, предотвратить наезд не удалось.

Ревизорский аппарат усиливает профилактическую работу. На постоянной основе проводятся встречи с местным населением и школьниками, рейды, инструктажи и обучающие занятия. Однако нарушения продолжают носить системный характер: люди переходят пути в неположенных местах, пренебрегая правилами и подвергая свою жизнь опасности.

– Обеспечение безопасности – главный приоритет нашей работы,

РАССЛЕДОВАНИЯ ПОД КОНТРОЛЬ

Айлин БАУРЖАН,
Астана



СОВЕЩАНИЕ

В Казахстане усиливается работа по повышению качества расследования транспортных происшествий и предупреждению нарушений безопасности движения на железнодорожном транспорте.

В этих целях ведомством проведено отраслевое совещание с участием представителей перевозочного процесса, вспомогательных служб и объединений юридических лиц.

В повестку дня вошли вопросы совершенствования действующей нормативной базы, а также внутренних документов организаций, регулирующих порядок расследования нарушений безопасности движения на железнодорожном транспорте.

Предлагаемые изменения и дополнения направлены на повышение эффективности расследований, обеспечение прозрачности процедур, а также внедрение современных подходов к анализу причин и предупреждению происшествий.

Особое внимание уделено гармонизации требований и формированию единого подхода к проведению расследований для всех участников перевозочного процесса и вспомогательных служб с учетом лучших мировых практик.

Работа по данному направлению будет продолжена в течение года с учетом поступивших предложений и рекомендаций.

ПОЕЗДА НАГОТОВЕ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ПАВОДОК

В Костанайском регионе в период весеннего паводка особое внимание уделяется подготовке к борьбе с возможным подтоплением – одному из самых эффективных и оперативных средств противодействия – противоразмывным поездом.

Как сообщил ведущий инженер отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Марат Орумбаев, на сегодняшний день для подготовки пути и искусственных сооружений к пропуску паводковых вод сформированы четыре противоразмывных поезда. Они дислоцируются на станциях Костанай, Тобол, Есиль, Аркалык. В общей сложности в соответствии с планом в их составе 24 вагона (4 крытых и 20 платформ), предназначенных для проведения работ по подбору. Таким образом, каждый поезд включает один крытый вагон и пять открытых платформ. На открытых платформах размещены мешки с песком, камнем и другими материалами для борьбы с паводковыми водами.

Все составы находятся в легкодоступных местах с возможностью быстрого реагирования при возникновении чрезвычайных ситуаций. Для более оперативного выезда к местам возможных подтоплений составлен уточненный перечень из 79 опасных участков. Они распределены по зонам ответственности каждого из четырех противоразмывных поездов.

ВАША ЖИЗНЬ – В ВАШИХ РУКАХ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



ПРОФИЛАКТИКА

С начала года сотрудниками ЛОП на станции Павлодар совместно с железнодорожниками проведено 82 рейдовых мероприятия, цель которых – профилактика и предупреждение правонарушений и несчастных случаев.

По информации старшего инспектора ГПП ЛОП на станции Павлодар, старшего лейтенанта полиции Еркебулана Сайлаубекова, всего с начала года было организовано 24 схода с населением. Это люди, которые живут вблизи железной дороги. Рейдовых мероприятий – 82, в том числе 28 лекций в учебных заведениях, 17 встреч в пассажирском поезде. На постоянной основе проходит сотрудничество ПЧ-32, ПЧ-30 и ТОО «ВЖДО».

Цель мероприятий – предупреждение правонарушений, которые создают угрозу безопасности движения поездов, а также профилактика несчастных случаев с гражданами, в том числе и с детьми.

Оңтүстік өңірдегі соғыс ардагері, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Шымкент филиалының есебінде тұрған ҚАЛМЕН МҰРАТҰЛЫ 103 жасында дүниеден өтті.

1924 жылы 20 ақпанда өмірге келген Қалмен Мұратұлы 1942 жылы 18 жасында әскер қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатысқан. Әуелі Семейдің Аягөз қаласында командирлік курста 6 ай оқып, сержанттық шен алады. 1943 жылы бірінші Беларусь майданында соғысқа кіреді. Қан майдандағы ерлігі үшін І дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталады. Витебск қаласының маңында болған кескілескен шайқаста ауыр жараланып, госпитальға түседі. Елге 2-топтағы мүгедек болып оралса да еңбекке араласып, өмірінің 35 жылын Арыс пен Бадам аралығындағы темір жол бойында өткізді. Салаға сіңірген көп жылғы еңбегі үшін «Құрмет белгісі», «Еңбек ардагері» марапаттарына ие болды. Темір жолда 1984 жылға дейін еңбек етіп, зейнетке шыққан.

Соғыс ардагері өмірінің соңына дейін Түркістан облысының Ордабасы ауданына қарасты Бадам ауылында ұрпағының ортасында бақатты өмір сүрді.

«ҚТЖ» ҰК АҚ басшылығы мен ұжымы, «Қазтеміржолкәсіп» ҚБ, Орталық теміржолшы-ардагерлер кеңесі соғыс және еңбек ардагері Қалмен Мұратұлының қазасына байланысты жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



